

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1994>***Н. М. Мурсалимова¹, Ж. Т. Салтақова²**^{1,2}М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4875-9684>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>*e-mail: m_nasihath@mail.ru

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ ДІНИ АКСИОЛОГИЯ

Айтыс өнерінде діни құндылықтар ерекше орын алады. Олар ғасырлар бойы қазақ халқының рухани дүниетанымының қалыптасуына маңызды рөл атқарған. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қолжазба қорларында сақталған айтыс мәтіндеріндегі діни құндылықтарды анықтап, олардың мәнін ашу.

Мақалада айтыс өнерінде дін тақырыбының жырлануындағы тәрбиелік мәні, сана-сезім мен көзқарастарға әсері айтыскер ақындардың шығармаларында жан-жақты қарастырылып, қысқаша талданады.

Айтыстағы діни құндылықтарды айқындаудың дереккөздері ретінде М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы, «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімінде сақталған мәтіндердің түпнұсқасы пайдаланылды. Атап айтқанда: Қабан мен Таутан, Тоғжан мен Адай, Дана ақын мен Орынбай, Біржан мен Тезекбай, Орынбай ақын мен Сералықожа, Ұлбике мен Күдері қожа, Айқын қыз бен Жарылғасын, Мәшіһүр Жүсіп пен Молдағали, Жүсіпбек қожа мен Ұзипа қыз, Мәлике мен Пықия, Ұмсын қыз бен Заман қожа айтыстары. Қолжазбалардың арасында бұрын ғылыми айналымға түспеген мәтіндер де бар. Сонымен қатар отандық және шетелдік әдебиеттану мен фольклортану салаларындағы ғылыми-теориялық еңбектер басшылыққа алынды.

Кілтті сөздер: қолжазба, айтыс, дін, фольклор, мәтін.

Кіріспе

Соңғы жылдары айтыс жанры ғылыми тұрғыда әдебиеттану, философия, лингвистика, өнертану ғылымдарының зерттеу нысаны болып, пәнаралық байланыста жан-жақты зерттелуде. Дегенмен айтыстағы діни

аксиология (құндылық) мәселесін зерттеуге бетбұрыс жасалып, арнайы конференцияларда баяндама жасалғанымен, бұл тақырыпқа қатысты жазылған кешенді ғылыми зерттеу жұмысы әзірге кездеспейді.

Айтыс – фольклор, ауыз әдебиеті, ақындар шығармашылығымен терең байланысып тұрған ерекше синкретті жанр. Мұнда театрлық әрі драмалық өнердің басы қосылған. Сондықтан айтысты – фольклорлық театр немесе фольклордың драмалық жанры десе де болады [1, 41-б.]. Айтыс жанры ерте кезде қырғыз, түрік, моңғол, қарақалпақ сияқты халықтардың тарихында кездесетіні белгілі. Бұл елдерде суырыпсалмалық өнер кең тараған. Айтыстың ең көне түрлері ғұрыптық жырлармен тығыз байланыста болған. Мысалы, қазақ пен қырғыз айтыстарында қыз бен жігіттің айтысы, бәдік айтысы сияқты түрлері кездеседі.

Н. Мыңжани «Қазақтың көне тарихы» атты еңбегінде Қытайдың «Тайпин Хиуаниуйжи» жинағының «Түрік шежіресі» атты бөліміндегі деректерді негізге ала отырып: «түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп алған соң, ән шықап бір-бірімен айтысады. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздегі ақындар айтысының мұнан мың жылдар бұрынғы Батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз» деп тұжырымдайды [2, 35-б.]. Бұл айтыстың түп-тамыры ежелден бастау алып, мәдени мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқанын айғақтайды.

Көне дәуірлерден сақталған жазба мұралардан айтыс дәстүрінің сол кезеңдердегі көрініс-белгілерін аңғаруға болады. Мысалы, М. Қашқаридің «Диуани лұғат аттүрік» атты еңбегінде келтірілген «Қыс пен Жаздың» айтысы – осының нақты дәлелі. Ал Ахмет Иассауидің «Диуани хикметіндегі» пейіш пен тозақтың арасындағы айтыс – ислам дінінің әсерінде дүниеге келген авторлық шығарма болуы мүмкін. Мұндай мазмұндағы айтыс ислам мифологиясында нақты түрінде кездеспейтіндіктен, бұл эпизод авторлық ойдан туындаған көркем бейне деп топшылауға негіз бар [3, 683-б.].

Айтыстан құрылған, диалог тәсілімен жазылған қызықты дастандар да бар. Бұған «Бозторғай» дастанын дәлел ретінде айта аламыз [4, 104-б.]. Бұл дастан алғаш рет 1870 жылы жарияланған [5]. Дастандағы баса айтылатын ой – ислам қағидаларымен айыпты болып саналатын іспен айналысқандардың, соның ішінде өсімқорлықпен шұғылданып, халықтың ақысын жегендердің қатаң жазаланатыны туралы. Шығарманың бас кейіпкері – хазірет Әли. Ол – тарихтағы әділетті төрт халифаның соңғысы, яғни төртіншісі.

Айтысты қай заманда да өз дәуірінің айнасы деуге де болады. Сондықтан айтыстың осындай сан-салалы сипаттары мен өзіне тән ерекшеліктерін, қоғамдық жағдаяттардың жаршысы ретіндегі жалпылығын зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты айтыстың да түрлері баршылық.

Ұзақ жылдар бойы айтыс жанры жайлы көптеп зерттеулер жазған профессор М.Жармұхамедұлы өзінің монографиялық еңбегінде [6, 17-б.] айтыстың жанрлық сипатына байланысты: «Салт-әдет және мысал айтыстар», «Бәдік айтысы», «Жар-жар» үлгісіндегі айтыс, «Қыз бен жігіт» айтысы, «Қайымдасу» және «қағысулар», «Мысал айтыс», «Ақындар айтысы», «Дін айтысы», «Жұмбақ айтыс», «Жазба айтыс» деп бірнеше түрге бөледі.

Осы айтыс жанрларының ішінде ерте заманнан келе жатқан шағын түрлері, әсіресе әдет-ғұрыппен байланысты орындалатын «Дін айтысы» түрі біздің зерттеу нысанымызға лайық.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысын орындау барысында айтыскер ақындар мен ислам діні байланыстарын сұрыптау, салыстырмалы-тарихи, хронологиялық зерттеу әдістері қолданылды. Отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып тұжырымдама жасалды. Зерттеу материалы ретінде ҚР Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақталған және фольклорлық-этнографиялық экспедициялар мен сапарларда жиналған *Қабан мен Таутан, Тоғжан мен Адай, Дана ақын мен Орынбай, Біржан мен Тезекбай, Орынбай ақын мен Сералықожа, Ұлбике мен Күдері қожа, Айқын қыз бен Жарылғасын, Мәшһүр Жүсіп пен Молдағали, Жүсіпбек қожа мен Уәзіпа қыз, Мәлике мен Пықия, Ұмсын қыз бен Заман қожа айтыс* мәтіндері алынды.

Нәтижелер және талқылау

Айтыстың қырлары мен сырлары жан-жақты зерттелген деп айтсақ та, әлі де болса айқындайтын айтыстың табиғатын танытуға ерекше көмек көрсететін сипаттарының бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Олардың толық деңгейде зерттелмеуіне қоғамның да әсері болды. Мәселен, жоғарыдағы зерттеушілердің айтыс жанрын жүйелеуіндегі «діни айтыс» түрін зерттеп, зерделеу Кеңес дәуірі кезінде ресми түрде тыйым салынған. Соның нәтижесінде айтыстың осы түрі мен осыған қатысты тұстары көлеңкеде қалып қойды. Ал дінге қатысты дүниелердің шығарманың көркемдігіне, тіл шеберлігіне, тағылымдық, тәрбиелік сипатына еңбек сіңіріп тұрғандығын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан діни айтыстың табиғатын зерделеу бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі деп білеміз.

Айтыстың қай түріне назар салсақ та, әртүрлі деңгейде діни наным-сенімдердің көрініс беріп жататындығы ақиқат. Ол тұрмыс-салтқа қатысты, қыз бен жігітке қатысты, төрт түлік малға қатысты, ақындар айтысына қатысты, жұмбақ айтысына қатысты мәтіндерде кезігіп отырады. Сандаған ғасырлық тарихы бар айтыс жанрының біз айтып отырған сипаты енді ғана қолға алынып жатқандығын жасыруға болмайды.

Діни айтыста әзіл-қалжыңмен астарласып келген тұстары көптеп кезігіп отырады. Оларға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімінде сақталған Қабан мен Таутан, Тоғжан мен Адай, Дана ақын мен Орынбай, Біржан мен Тезекбай, Орынбай ақын мен Сералықожа, Ұлбике мен Күдері қожа, Айқын қыз бен Жарылғасын, Мәшһүр Жүсіп пен Молдағали, Жүсіпбек қожа мен Уәзипа қыз, Мәлике мен Пықия, Ұмсын қыз бен Заман қожа т.б. айтыстары нақты дәлел бола алады. Мысалы:

Қабанның Таутан қызбен айтысы. Таутан 23 жаста болады. Қабан алпыстан асқан кезі. Таутан Қабанды жеңу үшін алты ай дайындалады екен. Екеуі айтысады, айтыстың аяғы діни айтысқа жалғасады. Таутан «шариғат деген не, қырық парыз деген не, пайғамбардың сүннеті деген не» деген сұрақтар қояды. Айтыстың тағы бір ерекшелігі – екі ақын кезектесіп айтыспайды: алдымен Таутан сұрақтар қояды, Қабан оны шешіп отырады. Айтыс таңға дейін созылады. Айтыстың аяғында Таутан: «Ақын болсаң, алдына салып айтайын: Мұхамедтің сүйегін кім ұстаған?» – дейді. Сонда Қабан: «Шырағым, жас екенсің. Саған да үлгі болсын – кейінгілерге айта жүр. Сүйегін Омар ұстап, Осман жуған, Әбубәкір құмғанмен суын құйған. Алланың арыстаны – Өзірет Әлі, иманың айтып, қасында қарап тұрған», – дейді. Сонда Таутан: «Атыңнан айналайын, пәруәрдігәр! Жел сөзбен өзіңізге дәс бұрдым. Атажан, артық кетсем кешіре гөр, батанды бер», – деп кешірім сұрап, Қабанның батасын алады [7].

Тоғжан мен Адай айтысы. Адай қызы Кәмилә Тоғжанның ақындық өнеріне қызығып, көптен айтысуды армандайды. Кәмилә өнерлі, шешен, ескіше оқыған төкпе ақын екен. Бірде айыста Тоғжанды сүріндірудің жолын іздеп: «Құранның әр саладағы сабақтарын түсіндірші, көзің неден соқыр болды?» деген сұрақтар қояды. Тоғжан бұған дәл жауап қайырып, сөз аяғында: «Көп білген шариғатты әкең айтпай, Тоғжанға айтқандарың құрып қалсын!» – деп жеңіске жетіп, шапан киіп қайтады [8].

Дана ақын мен Орынбай айтысы. Сөзді Дана: «Біздерге өнер берген Хақ Тағалам, Бұл топта бізден асқан қандай адам», – деп бастап, білім таластыра айтысады. Білім, шариғат жолындағы айтыс біраз созылады. «Өліпсіз оқу, әлқамсыз намаз болмас, Он екі мың ғаламның бір бісіміллә», – деп, Орынбайдың жеңісімен айтыс аяқталады [9].

Біржан мен Тезекбай айтысы. Тезекбай: «Саған ақындық өнерді кім берді?» – деп сұрайды. Сонда Біржан: «Құдай берді», – дейді. Тезекбай: «Сен өзін құдайдың кім екенін білесің бе?» – деп сұрайды. Біржан: «Молда болғанмен, сенен үйренбеймін», – деп жауап береді. Мәтін қара өлең үлгісінде құрылған [10].

Ұлбике мен Күдері қожа айтысы. Айтыс бірден дінге қатысты басталмайды. Діни айтысты тудырған жағдай олардың діни нанымдарды пайдаланып, әзілдесуінен туындайды. Айтыста Күдеріқожа: «Аузың шекер, лебің балдан тәтті, өлімнен құтыла ма жүйрік атты? Қолыңда жайып тұрған кітабың жоқ, оқымай қалай білдің шариғатты?» – дегенде, Ұлбике өзінің әзілін араластыра отырып былай дейді: «Сен-ақ оқы әліп пен әбіжатты, мұрным «әліп» болғанда, қасым – «мәт-ті». Көкірегім – кітап сөзі, тілім – Құран. Мен сенен үйренбеймін шариғатты», – деп жауап қайырады.

Бұл айтыста Ұлбике ақынның діни сауатының жоғары екенін байқау қиын емес. Себебі ақын діни сауаттылықтың ең жоғарғы сатысы болып саналатын Әбжат ілімі туралы сөз қозғайды. Өзінің діни біліміне сенімді болып отырған Ұлбике Күдеріқожаның сабағына зәру емес екенін айта кетеді [11].

Айқын қыз бен Жарылғасынның айтысы. Жарылғасын қожа бір тойда Айқын қызбен кездесіп, айтысады. Екі ақын өлеңмен танысады. Қыз оны халқы еркелетіп, Айымторы деп атап кеткенін өлеңде жеткізеді. Одан соң діни айтысқа көшеді. Қыз төрт шаһарияттың жайын, олардың неше жыл билік құрғанын сұрайды. Жарылғасын қожа осыларға жауап бере келіп, әйелдің әртүрлі пиғылдары туралы айтады. Сөйтіп жеңіске жетеді [12].

Мәшһүр Жүсіп пен Молдағалидің айтысы. Молдағали Күзембайұлы Бұхараға барып болда болып келеді. Бірде Мәшһүрге оның молдалықпен шұғылданбай өлең жазып, басқа жұмыспен айналысып жүргенін сынап хат жазады. Мәшһүр оған жауап жазып, оның таққан айыптарының дәлелсіз екенін айтып екеуі айтысады [13].

Жүсіпбек қожа мен Уәзипа қыз. Айтысты Уәзипа қыз бастаған екен. Алдымен екеуі де бір-біріне мақтау өлеңмен айтысады. Одан бір-біріне сұрақ қоя жұмбақ айтысына ұластырады. Қыз: «Адамзатта бұрын өлген кім? Дүние неше күнде жаратылған? Дүниеде адамның абзалы кім? Пайғамбардың төрт атасын атаңыз? Жандының ең үлкені не? Жансыздың үлкені ше?» – деген сұрақтар қояды. Осыларды шешкен соң, Жүсіпбек те жауап сұрайды: «Дінің не? Исламның мағынасы неде?» – деген сұрақтарға қыз мүдіріп қалады екен [14].

Мәлике мен Пықия айтысы. Патша қызы Мәлике оқымысты болғандықтан өзіне тек білімді жігіт іздеп, күйеуге шықпайды. «Жүз жұмбақ қоямын, соны шешкен кісі тиемін», – дейді. Жұмбағын шеше алмаған адам өлімге кесіледі. Ұзақ уақыт бойы ешкім жауабын таба алмай өледі. Ақырында Пықия молла келіп, бәрін шешіп, қызға үйленеді. Мәлике қыздың жұмбақтарының көбі діни шариғатқа, Құранға қатысты болады [15].

Ұмсын қыз бен Заман қожа айтысы. «Әй, Алла, аманатың бізге міндет, Уа, Мұхаммед пайғамбар болдық үмбет» деп басталады. Бұл да діни айтысқа жатады. Ұмсын қыз Заман қожаға үш сұрақ қояды. Заман қожа қыздың екі

сұрағына бірден жауап береді, үшіншісіне келгенде ойланып қалады. Бірақ Заманның жауабына қанағаттанған қыз: «Бұл шын қожа екен», – дейді [16].

Жоғарыда келтірілген мысалдарда Алла, Құдай, Құран, Мекке, шарият, парыз, намаз т.б. сөз атаулары ислами түсініктердің айтыстарда кездесіп, халық санасына сол кездерде берік орныға бастағанын дәлелдейді. Бұл әр ақынның айтыста өзін-өзі жан-жақты, барынша толық сипаттап айтуына, сөз өрнектерін молынан қолдануына мүмкіндік береді [17].

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған тұстан бері (1991 ж.) айтыс дәстүрінде дін тақырыбын тартымды жырлай білген айтулы ақындар біршама. Ш.Айдаров, С. Қалиев, Б. Имашев, А. Қалиев, А. Жұмағұлов, Т. Әділов, С.Құсанбаев, сондай-ақ Д. Қалиев, Ж.Бұлғақов, С.Әуезхан т.б. ақындардың адамгершілік жолын ұстануы, діннің тәрбиелік маңызын барынша тереңдете түсті. Бұлар өздерінің айтыс дәстүріндегі импровизация өнерін еркін игерумен қатар, білім деңгейі мен мәдениеттілігін, діни көзқарас сипатындағы пікірталастағы тапқырлығымен айтысты қыздыра түседі. Мәселен, 1994 жылы Ақтөбе қаласында Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына арналған айтыста Ш.Айдаров пен С.Құсанбаев айтысқан. Сонда Шорабек Абай Құнанбаевтың әкесі Құнанбайдың бір көзбен қажылыққа барғандығын, діндарлығын суреттей отырып, қазіргі уақытта қажылыққа бару саяхатқа айналып бара жатқандығын былай келтіреді: Шорабек: «Бұл күнде Құнанбайды ойшыл ақтар, Алмаған «Аға сұлтан» қай сынақ бар? Қажы боп қайтып жүр ғой бұл күндері, Көзі сау, көңілі соқыр байсымақтар [18, 98-6.].

Шетелдік ғалым Эва Мария Дебюссон «Дауыстың құндылығы: қазақ айтысындағы мәдениет және сын» деген тақырыпта [19] докторлық диссертация қорғап, кейін соның негізінде ағылшын тілінде монография жазды. Ол «Ресейдің төрінде, Мәскеудің өзінде» атты мақаласында: «Егер айтысты ағылшын тіліне аударса немесе ақындар сол тілде айтысса, сөз жоқ, әлемді таңғалдырып, жаулап алатын өнер түрі болар еді», – [20] дейді. Бұл пікір айтыс өнерінің шексіз екендігін көрсетеді. Қазақ халқының ғана емес, әлемдік деңгейдегі мәдени құбылыс бола алатынын дәлелдейді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP26100495 – Түркі дүниетанымындағы наным-сенімдер: этнофольклорлық аспект» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қолжазба қорларында сақталған айтыс үлгілері – қазақ халқының рухани-діни дүниетанымын айғақтайтын дереккөздер. Бұл мақалада Қабан мен Таутан, Тоғжан мен Адай, Дана ақын мен Орынбай, Біржан мен Тезекбай, Ұлбике мен Күдері қожа, Айқын қыз бен Жарылғасын, Мәшһүр Жүсіп пен

Молдағали, Жүсіпбек қожа мен Уәзипа қыз, Мәлике мен Пықия, Ұмсын қыз бен Заман қожа секілді ақындардың айтыстарындағы діни аксиологиялық сипаты қарастырылды. Ақындар айтыс барысында бір-біріне діни тұрғыда сауал қойып, Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып жауап беруі – олардың діни білімін, ислам құндылықтарына деген құрметін танытады.

Зерттеу барысында айтыстар хронологиялық тәртіппен талданып, олардың тәрбиелік мәні мен діни мазмұны сараланды. Және бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген Тоғжан мен Адай, Дана мен Орынбай, Айқын қыз бен Жарылғасын, Мәшһүр Жүсіп пен Молдағали, Мәлике мен Пықия, Ұмсын қыз бен Заман қожа айтыстары қарастырылды.

Қазіргі кезде айтыс өнері жаңа форматтармен толығып, заман талабына сай дамып жатса да, өзектілігін жоғалтқан жоқ. Айтыс – тек сөз сайысы емес, ол – мәдени-рухани мұра.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қасқабасов, С. А.** Ойөріс : фольклор туралы [Мәтін] / С. А. Қасқабасов. – Алматы, Жібек жолы, 2009. – 318-б.

2 **Мыңжани, Н.** Қазақтың көне тарихы : [Мәтін] / Н. Мыңжани. – Алматы : Жалын, 1993. – 400-б.

3 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық Т.І. [Мәтін] / Әлмұханова Р. Т. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2007. – 812-б.

4 «Бозторғай» дастаны //Бабалар сөзі : Жүз томдық. Т. 11 : Діни дастандар [Мәтін] / Құрастырушылар: Өзібаева Б., Қосан С., Рақышева Ж., Әбжет Б. – Астана : «Фолиант», 2005. – 368-б.

5 **Радлов, В. В.** Образцы народной литературы тюркских народов, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч.ІІІ : [Мәтін] / В. В. Радлов. – Санкт-Петербург, 1870. – 713-б.

6 **Жармұхамедұлы М.** Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы : [Мәтін] / М. Жармұхамедұлы. – Алматы : Мұратас, 2001. – 293-б.

7 Қабан мен Таутан [Электрондық ресурс]. –// <https://www.youtube.com/watch?v=hpnvsLifFv0>

8 Тоғжан мен Адай айтысы : қолжазба [Мәтін]. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қоры : 711-бума, 3-дәптер.

9 Дана ақын мен Орынбай» айтысы : қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 472 : 1-дәптер.

10 Біржан мен Тезекбай» айтысы : қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 252, 3-дәптер.

11 Ұлбике мен Күдері қожа айтысы : қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 1178-бума.

12 Айқын қыз бен Жарылғасынның айтысы : қолжазба [Мәтін]. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қоры : 243-бума, 8-дәптер.

13 Мәшһүр Жүсіп пен Молдағалидың айтысы: қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 286-бума.

14 Жүсіпбек қожа мен Уәзипа қыз : қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 242 : 1-дәптер.

15 Мәлике мен Пықия айтысы : қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 325-бума.

16 Ұмсын қыз бен Заман қожа айтысы: қолжазба [Мәтін]. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі : 228-бума.

17 Классикалық зерттеулер : Көп томдық. Т.15. [Мәтін] /Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. – Алматы : Әдебиет әлемі, 2013. – 412-б.

18 Қазақ өнерінің антологиясы : тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс. [Мәтін]. /Жолдасбеков М., Қойлыбаев Ш. – Астана, Күлтегін, 2014. – 400-б.

19 **Dubuisson, E. M.** The value of a voice: culture and critique in kazakh aitys poetry. A dissertation submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (Anthropology) [Мәтін]. – in The University of Michigan. – 2009. – p. 198.

20 **Дюбюйсон, Е. М.** Ресейдің төрінде, Мәскеудің өзінде [Мәтін] // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2004. – 30 қазан. – Б. 5.

REFERENCES

1 **Qasqabasov, S. A.** Oiōris : fōlklor turaly [Oyoris: about folklore] [Text] / S. A. Qasqabasov. – Almaty, Zhibek Zholy, 2009. – p. 318.

2 **Myñjani, N.** Qazaqtyñ köne tarihy [Ancient history of Kazakhs] : [Text] / N. Myñjani. – Almaty : Zhaly, 1993. – p. 400.

3 Qazaq ädibietiniñ tarihy. On tomдық Т.1. [History of Kazakh literature. In ten volumes 1] [Text] / Almukhanova R. T. – Almaty, Kazinform, 2007. – p. 812.

4 «Boztorğai» dastany // Babalar sözi : Jüztomдық [The Boztorgay dastan]. T. 11 : Dini dastandar [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 11

: religious saga] [Text] / Azibayeva B., Kosan S., Rakisheva Zh., Abzhet B. – Astana : «Foliant», 2005. – p. 368.

Boztorğai dastany

5 Radlov, V. V. Obrazsy narodnoi literatury türkskih narodov, jivuŝih v ĭujnoi Sibiri i Jungarskoi stepi. Ch.III : [Samples of folk literature of the Turkic peoples living in Southern Siberia and the Dzungarian steppe. Part III :] [Text] / V. V. Radlov. – Sankt-Peterburg, 1870. – p. 713.

6 Jarmühamedüly M. Aitys öleñderiniñ arğy tegi men damuy : [Zharmukhameduly M. origin and development of Aitys poems] [Text] / M. Jarmühamedüly. – Almaty : Mūratas, 2001. – p. 293.

7 Qaban men Tautan [Kaban and Tautan] [Electronic resource]. – [YouTube]. – available // <https://www.youtube.com/watch?v=hpnvsLifFv0>

8 Toğjan men Adai aitysy : qoljazba [Togzhan and Adai aitys : manuscript] [Text]. Manuscript fund of the Institute of literature and art named after M. O. Auezov : folder 711, Notebook 3.

9 Dana aqyn men Orynбай aitysy : qoljazba [Aitys «Dana Akyn and Orynбай» : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : 472 : 1-notebook.

10 Aitys «Birzhan and Tezekbay» : manuscript [Aitys «Birzhan and Tezekbay» : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : 252, Notebook 3.

11 Ūlbike men Küderi qoja aitysy : qoljazba [Ulbike and suede Khoja aitys : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : package 1178.

12 Aiqyn qyz ben Jarylğasynnyñ aitysy : qoljazba [The argument between Aikyn Kyz and Zharylğasyn : manuscript] [Text]. Manuscript fund of the Institute of literature and art named after M. O. Auezov : pack 243, notebook 8.

13 Mäşhür Jüsip pen Moldağalidyñ aitysy : qoljazba [Mashhur Zhusup and Moldagali aitys : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : package 286.

14 Jüsipbek qoja men Uäzipa qyz : qoljazba [Zhusupbek Khoja and Vizipa kyz : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : notebook 242 : 1.

15 Mälike men Pyqia aitysy : qoljazba [Malike and Pikiya aitys : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : package 325.

16 Ūmsyn qyz ben Zaman qoja aitysy : qoljazba [Umsyn kyz and Zaman kozha aitys : manuscript] [Text]. Department of rare books, manuscripts and national literature of the Central Scientific Library of RSE «Gylym ordasy» : pack 228.

17 Klasikalyq zertteuler : Köp tomdyq. T.15. [Classical research : multi-volume. Vol. 15.] [Мәтін] / K. Zhumaliyev, Z. Kabdолоv, Z. Akhmetov. – Almaty : world of literature, 2013. – p. 412.

18 Qazaq öneriniñ antologiasy : täuelsızdık kezeñindegı aıtyıs [Anthology of Kazakh art : aıtyıs in the period of independence] [Text]. / Joldasbekov M., Qoilybaev Ş. – Astana, Kultegin, 2014. – p. 400.

19 **Dubuisson, E. M.** The value of a voice: culture and critique in kazakh aıtyıs poetry. A dissertation submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (Anthropology) [Text]. – in The University of Michigan. – 2009. – p. 198.

20 **Dubuisson, E. M.** [Reseidıñ törinde, Mäskeudiñ özinde In the heart of Russia, in Moscow itself] [Text]. // «Egemen Qazaqstan» newspaper. – 2004, 30 october. – 5 p.

05.03.25 ж. баспаға түсті.

26.06.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. М. Мурсалимова¹, Ж. Т. Салтакова²

^{1,2}Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 05.03.25.

Поступило с исправлениями 26.06.25.

Принято в печать 21.05.26.

РЕЛИГИОЗНАЯ АКСИОЛОГИЯ В ИСКУССТВЕ АЙТЫСА

Религиозные ценности занимают особое место в искусстве айтыса, на протяжении веков оказывая значительное влияние на формирование духовного мировоззрения казахского народа. Цель настоящего исследования – выявить и проанализировать религиозные мотивы в текстах айтысов, сохранившихся в рукописных сборниках.

В статье всесторонне рассматривается воспитательное значение религиозных тем в айтысе, их воздействие на сознание и мировоззрение, а также роль этих вопросов в творчестве поэтов.

Основными источниками исследования являются оригинальные тексты, хранящиеся в Рукописном фонде Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, а также в Отделе редких книг, рукописей и национальной литературы Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы». Среди них выделяются айтысы

Кабана и Таутана, Тогжана и Адая, Дана акына и Орынбая, Биржана и Тезекбая, Орынбай акына и Сералыкоджи, Улбике и Кудери ходжи, Айкын кыз и Жарылгасына, Маихура Жусупа и Молдагали, Жусупбек ходжи и Узипа кыз, Малике и Пыкии, Умсын кыз и Заман ходжи. В числе рукописей имеются тексты, ранее не вводившиеся в научный оборот. Кроме того, исследование базируется на научно-теоретических трудах отечественных и зарубежных специалистов в области литературоведения и фольклористики, что позволяет провести комплексный анализ религиозных ценностей в айтысе.

Ключевые слова: рукопись, айтыс, религия, фольклор, текст.

*N. M. Mursalimova¹, Zh. T. Saltakova²

^{1,2}M. O. Auezov Institute of Literature and Art,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 05.03.25.

Received in revised form 26.06.25.

Accepted for publication 21.05.26.

RELIGIOUS AXIOLOGY IN THE AITYS ART

Religious values hold a significant place in the art of aitys, having played a crucial role in shaping the spiritual worldview of Kazakh people for centuries. This study aims to identify and analyze religious values in aitys texts preserved in manuscript collections, shedding light on their significance.

The article provides a comprehensive examination of the educational value of religious themes in aitys, their influence on consciousness and worldview, and their role in the creative works of aitys poets.

The primary sources for this study include original texts housed in the Manuscript Fund of the Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov, as well as the Department of Rare Books, Manuscripts, and National Literature at the Central Scientific Library of the RSE Gylm Ordasy. Notably, the research draws upon aitys between Kaban and Tautan, Togzhan and Adai, Dana akyn and Orynbay, Birzhan and Tezekbay, Orynbay akyn and Seralykoja, Ulbik and Kuderer hozha, Aykyn kyz and Zharylgasyn, Mashkhur Zhup and Moldagali, Zhupbek hozha and Uzipa kyz, Malike and Pykiya, and Umsyn kyz and Zaman hozha. Among these manuscripts, there are also texts that have not previously been introduced into academic discourse. Furthermore, the study draws upon scientific and theoretical works in the fields of both domestic and international literary studies and folklore, serving as a scholarly foundation for the research.

Keywords: manuscript, aitys, religion, folklore, text.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz